

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҚЫЛАУ

Бүгінгі Қазақстан жаңа принциптерге негізделген егемен мемлекет құруда. Үкіметіміз білім беру мекемелерінен тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өз талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық дәрістер деңгейіне көтеруді талап етуде.

Жаңа білім беру парадигмасы бірінші орынға білім алушының білімін, білігімен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Осы орайда оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысатын өтпелі кезең. Бұл білім беруді жаңартудың негізгі қағидаларының бірі ізгілендіру мен демократияландыруды іске асыруға бағытталған технологиялар болу керек. Олар «білгір адам» атты білім берудің дәстүрлі парадигмасын «өмір бойы білім ала алатын адам», «іскер адам» атты «гуманистік парадигмаға» ауыстыратын технология болып табылады. Парадигмалардың осылай ауысуы — білім беру жүйесінің барлық құрамдас компоненттерін жаңартуды талап етеді.

Қазіргі біздің міндетіміз болашақ азаматтарды еліміздің тіректері етіп, тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеттерінің бірі «халықтың барлық жіктері үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету» екендігін және оны іске асыруда «жалпы білім беретін орта мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталғанын» атап көрсетті¹.

Соның ішіндегі ең басты компонент: білім берудегі мақсат. Ол - мектеп бітірушінің барысынша көп білу емес, оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, іздеп үйреніп табуға үйренуі, оқу, кәсіптік тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек және де сол іс-әрекеттерді педагогикалық тұрғыдан бақылауды қажет етеді.

Кез келген процесті бақылауды, яғни, оның қызмет етуінің тиімділігін тексеру жүйесін қажет етеді. Сондықтан оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау тұтас педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады.

Оқыту нәтижесін бақылау мәні — білім алушылардың белгілі бір бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартына сай білімдерді меңгеру деңгейін анықтау.

Қазіргі педагогика теориясы мен практикасында оқыту нәтижесін бақылаумен қатар, педагогикалық диагностика түсінігі кең қолданылып келе жатыр. «Педагогикалық диагностика» түсінігін алғаш рет 1968 К. Ингенкамп ұсынды. Отандық ғылымда және мектеп тәжірибесінде «педагогикалық диагностика» түсінігінің қолдану аясы тар және ол негізінен тәрбие саласына қатысты қолданылады.

Дегенмен, «педагогикалық диагностика» түсінігінің мәні дәстүрлі бақылаудың мәнінен кең әрі тереңірек. Себебі, педагогикалық диагностика оқыту нәтижелерін оған жету жолдарымен, әдістерімен бірлікте қарастырады, олардың даму бағыттары мен тенденцияларын анықтайды.

Педагогикалық диагностиканың ұғымына тоқталсақ: Ол, педагогикалық процестің тұлғалық — бағытталуының компоненттерінің бірі болып табылады. Қойылған индивидуалды (жекеленген) диагноз қаншалықты нақты болса, соншалықты педагогикалық әрекеттесу тиімді болады.

Педагогикада диагностика, тәрбиеленушіні оқып-үйренуге, педагогикалық қызметке, педагогикалық процеске бағытталған педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Педагогикалық диагностика — педагогикалық мақсаты жетілдіру үшін алынған зерттеу қорытындысының талдауы негізінде жаңа ақпарат алу, білім берудің (оқу, тәрбие) сапасын жақсартуға және білім алушының тұлғасын дамытуға бағытталған процесс².

Педагогикалық процесте диагностика келесі функцияларды орындай алады:

1. Констатациялау — белгілеу (ақпараттық):
педагогикалық процесте оқушы туралы алған ақпаратты;
тәрбиеленушінің даму деңгейін және де оның даралығын анықтауды;
оның кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі, педагогқа лайықты тұлғалық даму деңгейін анықтауды;
педагогикалық әрекеттесудің күйін анықтауды;
педагогикалық процесте тәрбиеленушіге мінездеме құруды;
2. Болжау;
педагогикалық процесте оқушылардың потенциалды мүмкіншілігінің дамуының жетілуін;
педагогикалық өзара әрекеттесуінің ұйымдасуын;
3. Құндылық — бағдарлану (бағалау):
педагогикалық өзара әрекеттесудің қорытындысы туралы түсінік;
педагогикалық процесте әртүрлі құралдарды пайдалану тиімділігін.
4. Өзіндік оқып-үйрену, өзіндік даму: өзіндік мүмкіншілігін әртүрлі диагностикалық әдістер арқылы, өзіндік даму жағдайын құру; өзін-өзі тану.
5. Дамытушылық (тәрбиелеуші):
тұлғаның дамуы үшін, тұлғаның әртүрлі қасиеттерін және сапасын тәрбиелеуге, даралығына жағдай тұғызу.
6. Конструктивті:
педагогикалық іс-әрекетте, педагогикалық өзара әрекеттесуде, педагогикалық процестің тиімділігін арттыру.

Педагогикалық диагностикалаудың мәні мынадан тұрады:

педагогикалық процесті, педагогикалық өзара әрекеттесуде оқушылардың даралығының, тұлғаның белгілерінің мәнді сипаттарының күйінің өзгеруін табу;
оның күйінің өзгеруінің ауытқуын (эталонға бағдарлай отырып) немесе қалпын көру;
даму дәрежесін (деңгейін) анықтау;
алған мәліметтерді талдау;
осы өзгерістерді тудырған себептерді, заңдылықтарды қалпына келтіру;
оқушыларды педагогикалық процесте дамыту мақсатында, болашақ педагогикалық өзара әрекеттесудің нақты жоспарын және негізін өңдеу.

Педагогикалық диагностика бізге қиын, құбылыстың жүйесі ретінде, бағыттарының қатарын анықтауға да көмектеседі:

1. Тәрбиеленушінің даму диагностикасы;
 2. Педагогтың тұлғалық сапасын, педагогикалық іс-әрекеттің диагностикасын;
 3. Педагогикалық өзара әрекеттесуінің диагностикасын;
- Педагогикалық диагностика процедурасы келесідей операцияның (амалдың) қисынын ұсынады:
1. Диагностиканың мақсатын құру;
 2. Тұлғаның даму көрсеткіштерін анықтайтын критерияларын, оның жекеленген сапаларын, қасиеттерін, даралылығын;
 3. Әдістерді іріктеуді, диагностика әдістерінің жүйесін (диагностикалық бағдарламаны құру);
 4. Тікелей педагогикалық өзара әрекеттесудің диагностикалық әдістерін жетілдіру (диагностикалық бағдарламаны шыңдау).
 5. Диагностикалық қорытындыларды талдау;
 6. Оқушылардың даму деңгейін бөлу;
 7. Диагностикалық қорытындыларды белгілеу, есепке алу.

Педагогикалық диагностиканың мақсаты: Ол оқушының қабілеттілік деңгейін, зеректігін, зейінінің қасиетін анықтау нәтижесінде мұғалім мен оқушының өзара қатынасын, белсенділігін арттыруға жағдай жасайды.

Диагностикалық зерттеу педагогикалық процесті талдаудың шынайлығын, маңыздылығын, негізгі мәселелерді іріктейді. Білім алушылардың зейінін, есте сақтау, қабілеттілік деңгейін, зеректігін анықтау үшін бағалау белгілерін зерттеуге ықпал етеді. Сонымен бірге, педагог, тәрбиеленушінің дамуын диагностикалауын жетілдіру үшін: жалпы және жекеленген мақсаттарды алдына қояды.

Жалпы мақсаттары мәдениеттілігін, тәрбиелігін, жалпы даму деңгейін анықтауға қатысты құрылған.

Жекеленген мақсаттары тұлғаның жекеленген сапасының, қасиеттерінің, даралығынын, (мысалы, танымдық процестерін, құндылық бағдарын, эстетикалық талғамын, экологиялық мәдениеттілігін т. б.) дамуының деңгейін анықтауға байланысты.

Тәрбиеленушінің дамуын диагностикалау процедурасын жетілдіру үшін, жалпы және жекеленген мақсаттар өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Жалпы, жекеленген мақсатты шеше отырып, педагог тәрбиеленушісінің жалпы дамуы, тұлғаның жекеленген сапасы, қасиеттері болып табылатын даму деңгейлерінің критериялары және де оның жалпы даму көрсеткіші туралы түсінік алады. Яғни, критериялардың анықтылығының конструктивтілігі, нақтылығы және тұлғаның даму көрсеткіші педагогикалық диагностиканы жетілдірудің қорытындысына байланысты.

¹ Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010.

² Ингенкамп К. Педагогическая диагностика. — М., 1991.